

## 2024 жылғы қаңтар-қыркүйектегі құрылыс материалдары өндірісі

Қазақстан Республикасының құрылыс материалдарын өндіру көлемі 2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте **936** млрд. теңгені құрады, бұл атаулы мәнде 2023 жылғы ұқсас кезеңнен **2,9%**-ға жоғары (*909,3 млрд. теңге*).

Өнімнің нақты көлемінің индексі 2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте **89,9%** құрады. Заттай мәнде өсу келесі тауарлар бойынша байқалады:

- кож, минералды мақта (+35,1%)
- ескерткіштер, әрлеуге және құрылысқа арналған өңделген тас (+5,9%);
- гипсокартон (+3,5%);
- отқа төзімді бұйымдар (+2,6%).

Құрылыс материалдары өнімдерінің экспорты 2024 жылғы қаңтар-тамыз айларында 2023 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда **10,3%**-ға өсіп, **179,2** млн. АҚШ долларын құрады. Заттай мәнде экспорт көлемі **10,1%**-ға төмендеп, 976,5 мың тоннаны құрады, ал өткен жылдың осы кезеңінде ол 1 085,7 мың тонна деңгейінде болды. Экспорттың негізгі топ-елдері: Ресей, Қырғызстан және Өзбекстан.

2024 жылғы қаңтар-тамызда отандық нарыққа құрылыс материалдарының импорты **774,8** млн. АҚШ долларын құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда **0,9%**-ға төмен. Заттай мәнде тауарлар көлемі 2023 жылғы ұқсас кезеңге қарағанда **1,8%**-ға қысқарып, **2 167,7** мың тоннаны құрады. Негізгі топ-импорттаушы елдер: Ресей (42,9%), Қытай (25%) және Өзбекстан (7,2%).

2024 жылғы қаңтар-тамызда Қазақстан Республикасының құрылыс материалдары нарығының көлемі **2 334,2** млн. АҚШ долларын құрады, бұл ретте **ОТӨ** үлесіне **66,8%**, импорттық өнімнің үлесіне **33,2%** келеді.

Ағымдағы жылғы қаңтар-қыркүйек айларында құндық мәнде өндірістің ең көп көлемі Астана қаласына (өңірдің үлесі өндірістің жалпы көлемінде 13,8%), Қарағанды облысына (9,4%) және Алматы облысына (9%) тиесілі.

# ПРОИЗВОДСТВО СТРОИТЕЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ

январь-сентябрь 2024 г.



\$179,2 МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 33,2%  
ОТП 66,8%

\$2334,2 МЛН




РЫНОК

\$774,8 МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-июль 2024 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ